

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын
арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
25 қантар 2019 ж.**

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ КАК ФАКТОР ПОВЫШЕНИЯ
БЛАГОСОСТОЯНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ»**
25 января 2019 г.

PROCEEDINGS
international scientific and practical conference
“New financial model as the kazakhstanis' wealth growth factor”
25 January 2019

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261
ГРНТИ 06.73.15

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Бейсенова Л.З.
Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Профессор кафедры «Государственный аудит» к.э.н., и.о. профессора Алибекова Б.А.
Доцент кафедры «Государственный аудит» к.э.н., доцент Тажикенова С.К.
Доцент кафедры «Финансы» к.э.н., доцент Жагыпарова А.О.
Зав.кафедрой «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, к.э.н., доцент Тажбенова Г.Д.
Старший преподаватель «Экономических и математических дисциплин» ЕАГИ, м.э.н. Мажитова Б.Б.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г. Минск, Республика Беларусь), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Жаңа қаржы үлгісі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттырудың негізі»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана:
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019.

Новая финансовая модель как фактор повышения благосостояния казахстанцев:
Сб. материалов межд. науч-практ. конф. – Астана: Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, 2019.

Proceeding international scientific and practical conference “**New financial model as the kazakhstanis’ wealth growth factor**” - Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2019.

ISBN 578-601-337-111-5

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international scientific and practical conference address the current issues of a new financial model formation responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 578-601-337-111-5

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2019

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2019

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2019

6. Сайт Национальной палаты предпринимателей РК «Атаамекен» – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.palata.kz>

7. Централизованный банк данных правовой информации Кыргызской Республики– [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://cbd.minjust.gov.kg>

8. Стратегия «Казахстан-2050», декабрь 2012 года – [Электронный ре-сурс]. – Режим доступа: <http://www.akorda.kz>

САЛЫҚТАР ТҮСІНІГІ, ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Жанжигитова А.Ю.

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Салықтар мемлекеттің тәуелсіздігінің бір көрінісі. Олар барлық республикаларда олардың саяси іс-бағыты мен қоғамдық-экономикалық құрылысына қарамастан мемлекет кірістерінің негізгі көзі, ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастыру мен мәдени-әлеуметтік саладағы қоғамдық-саяси және экономикалық салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды ынталандырудың, экономиканы дамытудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) Конституциясының 35-бабында: «Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады» [1], - деп жазылған. Яғни, салықтың міндеттілігі республикамыздың Ата Заңымен бекітілгенділігін көруімізге болады. Бұл орайда 1789 жылғы АҚШ Тәуелсіз декларациясының авторларының бірі Бенджамин Франклиннің: «Бұл өмірде тек салық пен өлімнен қашып құтыла алмайсың», -деп жазғандығынан-ақ салықтың маңызды экономикалық категория екендігін байқаймыз.

Салыққа байланысты әр дәуірде әр түрлі мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, экономистер, ойшылдар көптеген еңбектер жазған және осыған байланысты «салық» ұғымы әр түрлі әдебиеттерде әртүрлі көрсетіледі. Мысал ретінде бірнеше шетелдік және отандық ғалымдардың анықтамаларына тоқталайық.

Д.Рикардо "Начало политической экономии и податного обложения" еңбегінде салықтардың мәнін келесідей көрсетті: «Салықтар — ел капиталы немесе кірісінен алынып, үкімет иелігіне түсетін өнімнің бөлігі». Ал салық салудың теориясын негізін салушылардың бірі А.Смит: «Салық – төлеушілер үшін құлшылықтың белгісі емес, бостандықтың белгісі», -деп тұжырымдаса, ортағасырда өмір сүрген философ, әрі ғұлама Фома Аквинский салықты «ұрлықтың рұқсат етілген нысаны», яғни «адамды заңды түрде тонау» ретінде анықтады [2]. Швед ғалымы Свенссон Бу: «салық – бұл белгілі бір жалпы мақсаттарға қоғамдық ресурстарды қолдану мүмкіндігі үшін барлығымыз төлейтін баға», -деп түсіндірді.

Салық теориясында Ресейдің ғалымдарының да өзіндік үлесі жоғары. Мысалы, қаржы мен құқық саласындағы орыс теоретиктерінің бірі Соколов А.А.: «Салық дегеніміз мемлекет шығындарын жабу үшін және экономикалық саясаттағы белгілі бір мәселелерді шешу үшін шаруашылықтар мен жеке тұлғалардан алынатын мәжбүрлік алым», -деді. Ал Н.Тургенев болса: «Салық — қоғамның немесе мемлекеттің бір мақсатқа жету құралының мәні. Халық бір мемлекетке бірігіп, басшылық жасауға және салық салуға құқық берді», -деп көрсетті [3].

Ресейлік салықтық заңгер Пепеляев С.Г. салық ұғымына келесідей анықтама берді: «Салық мемлекеттің үкімет билігі субъектілерінің төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік мәжбүр етумен қамтамасыз етілген қайтарылмайтын, міндетті және дербес ақысыз түрінде жеке және заңды тұлғалардан заңда белгіленген тәртіппен алынатын меншіктері».

Ал отандық авторлардың салық ұғымына берген анықтамаларына тоқталатын болсақ, Қалыбекова Д.Б.: «Салық – шаруашылық субъектілерін және ставка бойынша азаматтардан бекітілген заң тәртібі негізінде мемлекетпен алынатын міндетті жиындар»-, деп көрсеткен. Ал Сұлтанова Б.Б. болса: «Салық – төлемі мемлекеттік мәжбүрлеу шарасымен қамтамасыз етілетін, тұрақты және баламасыз, қайтарылмайтын сипаттағы белгілі бір мөлшерде, мемлекетпен заңды бекітілген – салық субъектісімен жүргізілетін, тиісті құқықтық негіздегі өкілетті органмен әкімшілік тәртіпте мемлекет табысына міндетті түрде аударылатын ақшалай немесе натуралды төлем» [4]-, деп толық түсінік берген. Келесі Қазақстандық авторлардың бірі Үмбетәлиев А.Д. мен Керімбек Ғ.Е.: «Салық – белгілі бір мерзімде және белгілі бір көлемде алынатын, заң бойынша қарастырылған міндетті төлемдер»[5],-деген анықтама ұсынса, белгілі экономист-ғалым Қарағұсова Г.Ж.: «Салықтар деп, жалпы мемлекеттік мұқтаждықтарды өтеуге жұмсалатын және қабылданған заң негізінде мемлекетке алынатын еріксіз немесе міндетті алымдарды айтады», -деп анықтама береді.

Қазақстан Қаржыгерлер Ассоциациясының төрағасы Аханов С. болса: «Салық – жеке және заңды тұлғалардан мемлекет өндіріп алатын міндетті төлемдер»[6],-деп қысқаша анықтама беруді жөн деп тапты.

ҚР-ның тұңғыш Конституциясы авторларының бірі, еліміздегі сақтандыру және қаржылық құқықтың негізін салушы қаржыгер ғалым Худяков А.И. өзінің "Налог: понятие, элементы, установление, виды" атты еңбегінде әртүрлі шетелдік авторлардың еңбектеріндегі анықтамаларды талдай отырып, келесідей анықтаманы ұсынды: «Салық – бұл мемлекеттің уәкілетті органымен бекітілген, салық субъектісімен белгілі бір уақыт пен белгілі бір көлемде төленетін, төлемі мемлекеттің мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген, қайтарымсыз, баламасыз және тұрақты сипатқа ие мемлекет кірісіне біржақты, міндетті ақшалай немесе натуралды төлем»[7].

Осы көрсетілген барлық анықтамалар салықтың экономикалық мазмұнын ашып көрсете алды деп санаймыз, бірақ салық заңды нормативтік-құқықтық құжаттарда қалайша айқындалды деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап алу үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 12-бабының 34 тармағында берілген анықтамаға тоқталсақ: «Салықтар - мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер»[8].

Салықтардың экономикалық мәні мемлекетпен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін жалпы ішкі өнімнің бір бөлігін тікелей алынуында көрінеді. Салықтардың экономикалық мәні мынада:

- біріншіден, салықтар шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының қалыптасуындағы қаржылық қатынастардың бір бөлігін көрсетеді;

- екіншіден, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халық табысының белгілі бір мөлшерін мемлекет үлесіне жинақтап, жиынтықтаудың қаржылық қатынастарын көрсетеді.

Салықтардың экономикалық мәні жайлы түсіну үшін олардың маңыздылығын ұғыну қажет. Ал салықтардың маңызы олардың атқаратын функцияларымен тығыз байланысты. Салықтардың келесідей негізгі функциялары бар: қайта бөлу, фискалды, реттеушілік және бақылау.

Барлық мемлекеттерде салықтар жиынтығы әр түрлі белгілері бойынша жіктелінеді, яғни салықтарды жіктеудің бірнеше әдістері бар. Мысалы, Жақыпбеков Д.С өз еңбегінде салықтарды келесі әдістер бойынша топтастырды: мақсатты бағыттау әдісі бойынша (абстрактты және мақсатты салықтар), өндіріп алу әдісі бойынша (тікелей және жанама салықтар), салық төлеуші субъектіге байланысты (жеке тұлғалардан, заңды тұлғалардан алынатын салықтар және аралас салықтар), кәсіпорын есебінде салықтарды төлеу бойынша шығындарға жатқызу бойынша (өнімнің өзіндік құнына, өткізуден түсетін табыстарға, қаржылық нәтижеге сәйкес және кәсіпорынның құзырында қалатын пайдаға) [9].


Қ.Қ. Ілиясов пен С. Құлпыбаевта төрт белгісі бойынша жіктеуді ұсынады, бірақ жоғарыдағы жіктеуден өзгешеліктерін байқауымызға болады:

- салық салу объектілері бойынша (тура және жанама салықтар);
- салықты алатын және салықтан жиналған сомаға билік жасайтын органға қарай (орталық және жергілікті салықтар);
- пайдалану тәртібі бойынша (жалпы және мақсатты салықтар);
- объектінің экономикалық белгісі бойынша (табысқа салынатын салықтар және тұтынуға салынатын салықтар) [10].

Ал Д.Б. Қалыбекованың жіктеу тәсілі жоғарыдағы жіктеуге өте ұқсас, тек атауларында ғана айырмашылықтар бар:

- мемлекет пен төлеушінің қарым-қатынастары және салық салу объектісіне қарай (тікелей, жанама);
- пайдалану сипаты бойынша (жалпы, арнайы);
- салық жинаушы органға байланысты (жалпымемлекеттік, жергілікті);
- экономикалық сипаты бойынша (табысқа және тұтынуға салынатын салықтар).

Жоғарыдағы бірнеше отандық авторлардың жіктеу тәсілдерін ескере отырып, салықтардың төмендегі 1-суретке сәйкес классификациясы ұсынылады, яғни салықтар төрт белгісі бойынша жіктелінеді. Әрбіріне жеке тоқтала кететін болсақ, салықтар түсетін бюджеттің деңгейі бойынша республикалық және жергілікті болып бөлінеді. ҚР Бюджет Кодексіне сәйкес Республикалық бюджетке түсетін салықтарға мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда корпоративтік табыс салығы, үстеме пайда салығы, пайдалы қазбаларды өндіруден алынатын салық, экспортқа рента салығы, қосылған құн салығы, ойын бизнесіне салық жатса, жергілікті бюджетке жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, мүлік салығы, жер салығы, бірыңғай жер салығы, көлік құралдарына салық, тіркелген салық түседі [11]



Сурет 1- Әртүрлі жіктеу белгілері бойынша салықтардың түрлері

Салық төлеуші субъект бойынша салықтар жеке тұлғалар төлейтін салықтар, заңды тұлғалар төлейтін салықтар және аралас болып бөлінсе, ал салық салу объектісіне байланысты салықтардың тікелей және жанама деген түрлері бар. Яғни тікелей салықтар дегеніміз салық төлеушінің табысы немесе мүлкінен тікелей алынатын салықтар. Корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, көлік құралдары салығы, мүлік салығы тікелей салықтарға жатады. Ал жанама салықтарға ішінара немесе толығымен тауар немесе қызметтердің бағасына ауысатын және соңғы тұтынушылармен төленетін салықтар, яғни қосылған құн салығы мен акциз жатады.

Пайдалану мақсатына байланысты салықтар жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы салықтар мемлекетке түсіп, толықтай бюджеттің тұтастай табыс бөлігін қалыптастыруға бағытталған. Арнайы салықтар нақты мемлекеттік шығындарын қаржыландыру үшін, яғни белгілі бір мақсатқа ие болып келеді.

Салықтардың жіктелу тәсілін қарастырғаннан кейін, салықтардың тарихына да көз жүгірте кетелік. Жалпы алғашқы салықтардың пайда болуының күнін анықтау мүмкін емес. Салықтардың прототипі адамзат қоғамы мен басқарудың ең алғашқы формаларымен бірге пайда

болған. Алғашында салықтар алымдар мен ренталық төлемдер түріндегі әртүрлі міндетті төлемдер болды және олардың көп бөлігі натуралды түрде төленіп отырды.

Кез келген мемлекеттің салық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы өте баяу қарқынмен жүзеге асатындығын атап өту керек. 1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елімізде экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес салық заңнамасын өз бетінше дамыта бастады және республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

Дамыған мемлекеттерде мемлекеттік кірістердің, яғни мемлекеттің бюджеттің үлкен бөлігін салықтық түсімдер құрайды. Жалпы мемлекеттік бюджет дегеніміз ереже бойынша, бір жылға белгілі бір мемлекеттің кірістері мен шығыстары бекітілген құжат. Мысалы еліміздің 2015 және 2016 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістерінің құрамы төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – 2015-2016 жылдардағы Республикалық бюджет кірістерінің құрамы


| № р/с | Республикалық бюджетке түсетін кіріс түрлері | 2015 жыл | | 2016 жыл | | Ауытқуы | |
|--|--|-------------------|------------|-------------------|------------|------------------|-------|
| | | Сомасы, мың теңге | Үл. сал, % | Сомасы, мың теңге | Үл. сал, % | (+,-), мың теңге | % |
| 1 | Салықтық түсімдер бойынша | 3 918 018,8 | 51,2 | 3 012 966,1 | 51,9 | -905 052,7 | 76,9 |
| 2 | Салықтық емес түсімдер бойынша | 272 651,7 | 3,6 | 151 440,7 | 2,6 | -121 211 | 55,5 |
| 3 | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша | 9 504,8 | 0,1 | 9 758,3 | 0,2 | 253,5 | 103,7 |
| 4 | Трансферттер түсімдері бойынша | 3 448 187,6 | 45,1 | 2 632 601,1 | 45,3 | -815 586,5 | 76,3 |
| 5 | Кірістердің барлығы | 7 648 362,9 | 100 | 5 806 766,1 | 100 | -1 841 596,8 | 75,9 |
| Е с к е р т у – мәліметтер «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»ҚР Заңдарынан алынып, кесте автормен құрастырылды [12]. | | | | | | | |

1-кестеге сәйкес жалпы кірістер құрамындағы салықтық түсімдердің көлемінде 2016 жылы біршама өзгерістер болған. Мәселен 2016 жылы алдыңғы 2015 жылмен салыстырғанда салықтық түсімдер 905 052,7 мың теңгеге, яғни 23%-ға, салықтық емес түсімдер 45%-ға, трансферттер бойынша түсімдер 24%-ға азайса, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер керісінше 3%-ға көбейген. Жалпы республика бюджетіне түсетін кірістер 2016 жылы алдыңғы жылға қарағанда 1 841 596,8 мың теңгеге, шамамен 24,1%-ға аз.

Республикалық бюджет кірістерінің құрылымын толығырақ көрсету үшін 1-кестедегі мәліметтер бойынша төмендегі 3-суреттегі диаграммалар жасалынды. 3-суреттегі екі шеңберлі диаграммадан 2015 және 2016 жылдарда республикалық бюджет кірістерінің ең көп бөлігін, яғни шамамен 51-52%-ын салықтық түсімдер құрайтындығын байқауымызға болады. Яғни, бұл көрсеткіштерден салықтардың бюджет құрамындағы маңыздылығын байқаймыз. Ал, екінші орынды 45%-бен трансферттер түсімдері алса, келесі орын салықтық емес түсімдерге тиесілі.

2015 жылғы бюджет

2016 жылғы бюджет



Сурет 2. 2015 және 2016 жылдардағы республикалық бюджет кірістерінің құрылымы

Ал салықтық түсімдер туралы толығырақ ақпараттар алу үшін олардың құрамына енетін әрбір салықтар бойынша кірістерге жеке-жеке тоқталайық. Республикалық бюджетке түсетін салықтар мен төлемдердің 2015-2016 жылдардағы мөлшері төмендегі 2-кестеде көрсетілген.


Кесте 2 – 2015-2016 жылдардағы Республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің құрамын талдау

| № р/с | Республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің түрлері | 2015 жыл | | 2016 жыл | | Ауытқуы | |
|-------|---|-------------------|------------|-------------------|------------|------------------|-------|
| | | Сомасы, мың теңге | Үл. сал, % | Сомасы, мың теңге | Үл. сал, % | (+,-), мың теңге | % |
| 1 | Корпоративтік табыс салығы | 1 294 242,6 | 33,1 | 994 601,9 | 33,0 | -299 640,7 | 76,8 |
| 2 | Қосылған құн салығы | 1 445 159,6 | 36,9 | 945 725,3 | 31,4 | -499 434,3 | 65,4 |
| 3 | Акциздер | 67 554,7 | 1,7 | 62 278,8 | 2,1 | -5 275,9 | 92,2 |
| 4 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 194 274,2 | 4,9 | 169 382,4 | 5,6 | -24 891,8 | 87,2 |
| 5 | Мемлекеттік баж бен өзге де алым салықтар | 33 536,3 | 0,9 | 35 381 | 1,2 | 1 844,7 | 105,5 |
| 6 | Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар | 883 251,3 | 22,5 | 805 596,7 | 26,7 | -77 654,6 | 91,2 |
| 7 | Барлығы | 3 918 018,8 | 100 | 3 012 966,1 | 100 | -905 052,7 | 76,9 |

Е с к е р т у – мәліметтер «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңдарынан алынып, кесте автормен құрастырылды [13].

Жоғарыдағы 2-кестеден республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің ішінен корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы мен акцизден түсетін түсімдер 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 23%, 35% және 8%-ға азайған. Ал бюджетке түсетін өзге де міндетті төлемдерге жататын мемлекеттік баж бен сыртқа операцияларға, яғни халықаралық саудаға салынатын салықтардан түсетін түсімдер 2016 жылы алдыңғы жылға

карағанда керісінше 6% және 9%-ға дейін артқандығын байқаймыз. Ал салықтық түсімдердің құрылымына талдау жасау үшін жоғарыдағы 2-кесте деректерінің негізінде жасалынған төмендегі 4-суретке назар аударайық.



Сурет 3 - 2015 және 2016 жылға республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің үлес салмағы

Жоғарыдағы 3-суреттен республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің ең көп бөлігі, шамамен 33%-ы корпоративтік табыс салығына және 31-37%-ы қосылған құн салығына тиесілі екендігін байқауымызға болады. Яғни аталған салықтар еліміздің бюджетін қалыптастыруда маңызы зор. Ал халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар 2016 жылы жалпы республикалық бюджеттегі салықтық түсімдердің шамамен 27%-ын құраса, мемлекеттік баж бен өзге де алым салықтар бар болғаны 1,2%-ға жеткен.

Қорыта айтқанда, салықтар кез келген мемлекет бюджетінің тұрақты қайнар көзі болып табылады. Олардың тарихы алғашқы мемлекеттердің құрылу кезеңінен басталады және барлық мемлекеттер салықтарды экономиканы дамыту, тұрақтандыру кезінде қуатты әрі маңызды экономикалық тетік ретінде пайдаланады. Салықтарды бірнеше белгілері бойынша жіктеуге болады және салықтардың экономикалық мәні мен маңызы оның қайта бөлу, фискалдық, реттеушілік және бақылау секілді атқаратын функцияларымен айқындалады.

Әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясы <http://adilet.zan.kz>
- 2.Қалыбекова Д.Б. Салық жәнесалық салу:Оқу құралы. Алматы: Экономика,2012 ж. – 320б.
- 3.Попов Е.М. Налог и налогообложение: Учебное пособие. Минск: Выш шк., 2013 г. – 319с.
- 4.Сұлтанова Б.Б. Салық есебі: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2008 ж. – 240б.
- 5.Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық жәнесалық салу: Оқулық. Алматы: Экономика, 2006 ж. – 864б.
- 6.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия 7 том/Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005ж. – 728 б.
- 7.Худяков, А. И. Налоги : понятие, элементы, установление, виды. Алматы : ТОО Баспа, 1998 г. - 160 с.

- 8.Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексі (27.02.2017 өзгерістер мен толықтыруларымен) <http://kgd.gov.kz>
- 9.Жақыпбеков Д.С. Қазақстандық кәсіпорындардағы салық салу, салық есебі мен есептілігін ұйымдастыру: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2009 ж. – 354б.
- 10.Лиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005ж. – 552б.
- 11.Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі(27.02.2017 өзгерістер мен толықтыруларымен) <http://adilet.zan.kz>
12. «2015 - 2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР 2014 жылғы 28 қарашадағы № 259-V Заңы <http://adilet.zan.kz>
- 13.«2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР 2015 жылғы 30 қарашадағы № 426-V Заңы<http://adilet.zan.kz>

ОЦЕНКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕВИЗИОННОЙ КОМИССИИ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Жантілес Қ. Б.

магистрант 1 курса, специальность «Государственный аудит»

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhantiles.k@gmail.com

Аннотация: В статье определены основные критерии эффективности деятельности ревизионных комиссий. На основе четкого разграничения отдельных элементов финансового контроля проанализирована процедура оценки деятельности ревизионной комиссии. Систематизированы показатели оценки деятельности ревизионной комиссии по признакам оценки финансового контроля как действия, оценки динамичности деятельности, эффективности работы инспекторского состава и действенности экспертно-аналитической деятельности органа контроля.

Ключевые слова: государственный финансовый контроль, критерий эффективности, действенность, орган контроля, ревизионная комиссия

Аңдапта: Бұл мақалада тексеру комиссияларының қызметі тиімділігінің негізгі өлшемдері айқындалған. Қаржылық бақылаудың жекелеген элементтерін нақты ажырату негізінде тексеру комиссиясының қызметін бағалау рәсімі талданды. Тексеру комиссиясының қызметін бағалау көрсеткіштері инспекторлық құрам жұмысының тиімділігі және бақылау органының сараптамалық-талдау қызметінің әрекеті ретінде қаржылық бақылауды бағалау белгілері бойынша жүйелендірілген.

Түйінді сөздер: мемлекеттік қаржылық бақылау, тиімділік критерийі, пәрменділік, бақылау органы, тексеру комиссиясы.

Annotation: The article defines the main criteria for the effectiveness of the audit commissions. On the basis of a clear delineation of the individual elements of financial control, the procedure for assessing the activities of the audit Commission is analyzed. Systematic performance evaluation of the audit Commission on the grounds of assessment of financial control actions, evaluation of dynamic activities, of the effectiveness of the inspection composition and effectiveness of the expert-analytical activities of the control body.